

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың тақырыптық топтары

Аңдатпа. Қазақ тіл білімінде көркем шығарма тілін стилистикалық тұрғыдан қарастырумен бірге коммуникативтік, танымдық жағынан зерттеу ерекше орын алады. Осы тұрғыдан келгенде жазушы тілінің коммуникативтік табиғатын зерделеу тілдік қатынас мәселесімен тығыз байланысты. Шығарма мәтінінде авторлық нарративте белсенді қолданылатын, кейіпкер портретін тірілтіп, коммуникативтік актіні оқырман үшін тартымды ететін тілдік тәсілдің бірі – бейвербалды амалдар.

Мақалада «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың лексика-семантикалық классификациясы қарастырылды. Зерттеудің мақсаты – көркем мәтін арқылы қазақ халқына тән тілдесімнің көмекші құралдарының ұлттық ерекшелігін таныту, роман-эпопея тіліндегі қызметін анықтау. Бейвербалды амалдарды роман-эпопеядан жинау барысында жүйелеу, сұрыптау тәсілдері, сондай-ақ мағыналық топтарға жіктеуде типтеу, синтездеу тәсілдері қолданылды. Бейвербалды компоненттердің мәнмәтіндегі қызметін анықтауда мәнмәтіндік талдау, прагма-стилистикалық талдау әдістері де пайдаланылды.

Мақалада паралингвистика бағытындағы алдыңғы зерттеулерге шолу жасала келе, көркем шығарма тіліндегі параэлементтерді қарастырудың артықшылығы түсіндірілді. Зерттеудің өзектілігі жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы бейвербалды компоненттерді алғаш рет зерттеу нысанына алып, коммуникативтік актіде қарастыруынан көрінеді. Зерттеу нәтижесінде шығарманы семантикалық тұрғыдан ұйымдастырып тұрған, қазақ қатысым мәдениетін танытатын бейвербалды амалдардың алты түрлі лексика-семантикалық тобы анықталды. Мақаланың зерттеу нәтижелері паралингвистика, коммуникативтік лингвистика және лингвокогнитология бағытындағы ізденушілерге тың әрі пайдалы ақпарат болмақ.

Түйін сөздер: бейвербалды амалдар, лексика-семантика, «Абай жолы», коммуникация, көркем мәтін, паралингвистика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-97-107>

Түсті: 22.05.2024; Жөнделді: 5.06.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Көркем әдебиет – тілді байытып, толықтырып, дамытып отыратын негізгі арналардың бірі. Жазушының басты құралы тіл болғандықтан, кез келген көркем мәтін – жазушының тіл шығармашылығының нәтижесі. Тіл шығармашылығы оқырманмен, халықпен үндесу үшін сол халықтың ішінен шығады, яғни көркем мәтіндегі әр бірлік халықтың тұрмыс-салтынан, күнделікті өзара қарым-қатынасынан туып, шығармада көрініс табады.

Халықтың қатысым мәдениетіндегі ақпарат берудің бір арнасы – бейвербалды амалдар. Тіл білімінде бейвербалды коммуникацияны зерттеудің ұтымды жолы – паралингвистикалық құралдарды көркем шығарма тілінің элементі ретінде әрі халықтың қатысым мәдениетінің көрсеткіші ретінде лингво-мәдени аспектіде қарастыру. Себебі көркем мәтін – динамикалық элементтердің жиынтығы. Көркем мәтіннің элементтері арасындағы қатынас типтері жекелеген «жазушының» «идиолектісін» жасайды. И.Р. Гальперин атап өткендей: «Художественный текст – это нечто большее, чем простая сумма составляющих его элементов» [1, 9]. Сол себепті шығарманы құраушы басқа тілдік бірліктермен қатар бейвербалды амалдардың да қызметі мен семантикасы көркем мәтін кеңістігінде ғана толық көрініс табады.

Бейвербалды амалдарды мағыналық жақтан топтау қазақ тіліндегі паралингвистикалық құралдардың әлеуетін, коммуникация процесіндегі қолданыс жиілігі мен прагматикасын және қазақ халқының коммуникативтік мінез-құлқын сипаттауға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды компоненттердің шығарма мәтініндегі қызметін сипаттай отырып, лексика-семантикалық топтарға жіктеу және сол арқылы қазақ қатысым мәдениетіндегі тілдесімнің көмекші құралдарының рөлін анықтау.

Зерттеу нысаны – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдарды білдіретін, мәтінде репрезентациялайтын тілдік бірліктерді талдау.

Зерттеу пәні – әлем әдебиетінің алтын қорына енген қазақ әдебиетінің үздік туындысы – «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бейвербалды амалдардың лексика-семантикалық сипаты.

Зерттеу материалдары мен әдістері

«Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ тарихындағы маңызды кезең, яғни ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықтағы халық өмірі арқау болған көркем туынды. Шығарманың басты ерекшелігі романда қазақ халқына тән барлық ұлттық феномендер, стереотиптер мен мінез-құлық, тұрмыс-салты мен қоғамдық-әлеуметтік жүйесі, қазақтың таным-түсінігі, ұлттық психологиясы толық сипатталады және шығарма авторы оқиғаны қазақтың бай тілімен баяндайды. Романның бас кейіпкері қазақ даласының Гетесі саналатын ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы. Сан қырлы ақын, философ тұлғаның өмір жолына негізделуі бұл туындының қазақ әдебиетіндегі және әлем әдебиетіндегі орнын даралай түседі. Зерттеуде негізге алынып отырған – роман-эпопеяның 1952 жылы «Абай жолы» деген атпен шыққан нұсқасы.

Зерттеу дереккөзі ретінде «Абай жолы» романын алудағы негізгі мақсат – қазақ қатысым мәдениетіндегі бейвербалды амалдардың барынша мол қорын жинау және семантикалық ерекшеліктеріне қарай талдау. Ғалым М.Қаратаев шығарма тілін: «Абай эпопеясының тілі бай, орамды. Ол қазақ халқының сөйлеу тілі мен фольклорының және жазба әдебиетінің сөздік қорын мол қамтып бойына сіңірген тіл. Сол себепті бұл шығарманы сөз байлығы жөнінде қазақ тілінің қымбат қазынасы дей аламыз» - деп бағалайды [2, 144].

Шығармадағы тілдесімнің көмекші құралдарын зерттеу барысында көркем мәтін лингвистикасында тиімді деп саналатын сипаттау, жүйелеу, талдау, әдістері және бейвербалды амалдарды лексика-семантикалық топтарға жіктеуде семантикалық талдау, типтеу, экспрессивті-стилистикалық талдау, мәнмәтіндік талдау әдістері қолданылды. Зерттеушілер көркем мәтіндегі екі паралингвистикалық арнаны көрсетеді, олар: мимика және пантомимика. Алайда романдағы бейвербалды компоненттерді жинақтау және сұрыптау барысында олардың түрлері әлдеқайда көп екені анықталды.

Әдебиетке шолу

Көптеген ұлттар мен халықтардың тіліндегі бейвербалды элементтер жүйелі әрі кешенді түрде зерттелген. Мысалы, А.В.Филиппова, Т.М.Николаева, А.А.Акишина, Е.В.Красильников, Л.Н.Капаназе т.б. орыс тіліндегі ишараттарды; А.Пиз – ағылшын

тіліндегі, А.А.Хачатрян, Р.М.Тохмонян армяндардың ишаратын қарастырса, ал татарлар мен башқұрттарда Ф.Ф.Султанов осы саланың маманы саналады.

Профессор Б.Момынова қазақ тіл білімінде М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, К.Қажығалиевалардың ым және ишараттарды әр түрлі қырынан фрагментарлы түрде зерттегенін айтады [3, 5]. Қазақ тіл білімінде паралингвистика бағытындағы алғашқы ғылыми пікірлер Ә.Қайдар, Ж.Өмірәлиева, Э.Оразалинова, Т.Әбідғалиева мақалаларында азды-көпті сөз болғанымен, толыққанды ғылыми зерттеу ретінде С.Бейсембаеваның «Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке», М.П.Ешімовтің «Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты», Г.Камешеваның «Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары» кандидаттық диссертацияларын атауға болады. Паралингвистиканың жалпы әлемдегі зерттелу деңгейінен бастап, қазақ ым-ишараттарын әртүрлі аспектіде қарастырған көлемді еңбек – профессор Б.Момынованың «Қазақ ым-ишараттары: сөйлеу этикеті мен қатысым мәдениетінде» атты монографиясы. Сондай-ақ Б.Момынова бейвербалды амалдарды лексикографиялау мәселесіне де көңіл бөліп, нәтижесінде «Қазақ ым-ишараттарының түсіндірме сөздігі», «Қазақ ым-ишараттарының қазақша-орысша-қытайша түсіндірме сөздігі», «Қазақ ым-ишараттарының суретті түсіндірме сөздігі» жарық көрген.

Көркем шығарма тіліндегі бейвербалды компоненттер аталған еңбектерде ішінара қарастырылып, мысалдар арқылы талданған. Жеке автордың шығармашылығын нысанға алған көлемді зерттеу ретінде Ж.Нұрсұлтанқызының О.Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды элементтерге арналған зерттеу жұмысын атап өтуге болады. Алайда қазақ халқының жарты ғасырлық тұрмысы мен тарихы жан-жақты сипатталған «Абай жолы» романындағы қатысымның көмекші құралдары осы уақытқа дейін жеке зерттеуге өзек болмаған. Сол себепті «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдарды лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай классификациялау осы ғылыми мақаланың еншісіне тиіп тұр.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Мәтін түрі көп болғанмен, мәтіннің ерекше түрі саналатын көркем мәтінде адресант, хабарлама, адресат, кілт («код»), кодтау («кодирование»), қайтадан кодтау (бұл мәтінді толық ұғынып оқу деген сөз) т.б. элементтер болады. Көркем мәтінді оқырманның оқып, қабылдауы барысында мәтіннің көркемдік құндылығы айқындалады. Г.Әзімжанова көркем мәтіндегі поэтизация процесі мынадай шарттарға жүтінетінін айтады:

1. Белгілі бір образдың байланысына;
2. Баяндалып отырған деректі жағдайға;
3. Кейіпкер қимыл-ишаратына;
4. Сөз тіркестерінің метафоралық және метонимиялық қолданысына;
5. Сөз тіркесінің окказионалдығына;
6. Ишараттың символдық мәніне [4, 157].

Екінші және алтыншы қатарда көрсетілгендей көркем мәтіннің маңызды құрамдас бөлігі – кейіпкер эмоциясын, жай-күйін, мінез-құлқын бейнелеу үшін, оқиғада өрбіп жатқан коммуникативтік жағдаят пен коммуниканттардың өзара қарым-қатынасын оқырманға таныту үшін белсенді қолданылатын бейвербалды амалдар.

Бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрін айтамыз. Шығарманың өміршеңдігі үшін А.Н.Толстой ишарат-қимылдың төмендегідей түрлерін ажыратады:

- 1) кинетикалық акт;
- 2) адамның физиологиялық жағдайы;
- 3) адамның психикалық күйі;
- 4) ойлау процесі;
- 5) зат не құбылыстың өзіне тән сипаттары;

- 6) мәтіннің мән-мағынасы;
- 7) шығарманың стилі [5, 433].

Шын мәнінде, көркем образ түзуде аталған бірліктер ескеріліп, кейіпкердің қимыл-ишараты, кеңістіктегі орны – барлығы автор мақсатына бағынуы керек. «Абай жолы» роман эпопеясында автор кейіпкерге және кейіпкер айналасында болып жатқан оқиғалар желісіне жан бітіру мақсатында бейвербалды амалдарға жүгінеді. Мысалы:

Бұның бәрін көріп отырған Сүйіндік Байсалға күбір етіп:

- Жаным-ау, қасқыр бала мынау гой! - деді.

- Құж, десеңші. Мынадан ба, мынадан шығар-ау! - деп Байсал да күңк етті [6, 16] деген мәнмәтінде дауыс реңкін сипаттайтын «күбір ету» және «күңк ету» просодикалық бейвербалды компоненттері қолданылған. Мәтіндегі екі кейіпкердің әңгімесін бұл екі сөздің қатысынсыз қарастырғанда, автордың интенциясы өз мәнін жоғалтатыны сөзсіз. Автор просодикалық бейвербалды амалдарды мәтінге енгізу арқылы Сүйіндік пен Байсалдың өз ойын Құнанбай естімеуі үшін ақырын дауыспен айтып жатқанын, бұл ойларын іштерінде сақтай алмағандықтан сыбырлап болсын бір-біріне жеткізуінің себебін, яғни таңданыстарын, екі кейіпкердің бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста екенін оқырманға білдіріп тұр. Сол себепті параэлементтер шығарманы семантикалық жақтан ұйымдастыру, автор интенциясын жеткізу, кейіпкерлердің шығармадағы рөлін таныту үшін маңызды мағыналық компонент саналады.

Профессор Б.Момынова коммуникация кезінде вербалды амалдармен қатарласа, солардың жанында қолданылатын коммуникацияның көмекші құралдарын көркем мәтіннен тыс қарастырғанда *ым тілі, ишарат тілі, түстіл, барабан тілі, суреттер тілі, үн өзгерістерінің тілі* деп кең ауқымда топтауға болатынын атап өтеді [3, 37]. Сондай-ақ бейвербалды амалдардың салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа байланысты қалыптасқан бейвербалды амалдар, күнделікті тұрмыста қолданылатын бейвербалды амалдар деген топтары бар. Паралингвистикада бейвербалды амалдарды классификациялау зерттеушінің зерттеу бағытына қарай түрленіп отырады. Мысалы шығу тегі мен хронологиясына (уақыт шегіне қарай) қарай параэлементтер: байырғы немесе историзм бейвербалды амалдар, жаңа бейвербалды амалдар деп бөлінсе, мәдениеттегі рөліне қарай төл және кірме бейвербалды амалдар деп жіктеледі.

Орыс тіл білімінде В.М.Верещагин, В.Г.Костомаров бейвербалды амалдарды іштей екіге бөліп қарастыруды ұсынады:

1. Соматизм тілі. Бұл топқа ишара, дене қалыбы, мимика, бет-әлпет кескіні және әртүрлі адам жүзінде байқалатын психосоматикалық симптомдарды енгізеді;

2. Ғұрыптық тіл. Бұл топқа бір әлеуметтік топтың әдет-ғұрпымен, этикетімен, салт-дәстүрімен байланысты дене қимылдарын жатқызады [7, 197-198].

Ал Г.В.Колшанский паралингвистикалық құралдардың фонациялық, кинетикалық және графикалық деген үш түрі бар екенін айтады. Ғалым фонациялық құралдарға дауыс ырғағы, паузаның типі, мелодиялық құбылыстар, сондай-ақ сөз дыбыстарының қолданылу ерекшеліктерін; кинетикалыққа *ым-ишара, таңдап алынған позаны, графикалыққа – әріптер мен пунктуациялық белгілердің (жазуы) орындалу типін, әріптерге графикалық қосымшалар жасау тәсілдерін, олардың қосалқы түрлерін (түрлі символдар) жатқызады* [8, 352].

Жалпы тіл білімінде бейвербалды тілдің тоғыз түрі жиі аталады. Олар: 1.Кинесика (дене қозғалысы); 2.Вокалика (паралингвистика, дауыстың акустикалық ерекшеліктері – тар мағынадағы паралингвистика); 3. Физикалық сипаттама (дененің формасы, оның өлшемі, шаштың түсі); 4. Хаптика (такесика, жанасу); 5. Проксемика (қашықтыққа қарай орналасу немесе коммуникативтік актіде қашықтыққа мән берілуі); 6. Хрономика (уақыт); 7. Артефактілер (киімдер, әшекейлер, косметика, т.б.); 8. Ольфактика (иістер); 9. Эстетика (музыка, түс). 10. Ритуалдық немесе мультипликациялық түр.

Қазақ тіл білімінде ең алғаш психолог-ғалым М.Мұқанов қазақ халқының тұрмысында кездесетін бейвербалды амалдардың жиырма сегіз түрін жинақтай келе, бірнеше топқа

жіктеген. Олар: *сәлемдесу амалдары* (көрісу, сәлем ету); *алғыс айту амалдары* (ас қайыру, сарқыт беру, бата беру); *үлкендерді немесе сыйлы адамдарды қошеметтеу амалдары* (бас беру, жездеге төс беру, ауыз тию, жолаушының түсуі, ақ байлау); *тілек амалдары* (бата беру); *кемсіту немесе қорлау амалдары* (теріс бата беру, келген кісіні табалдырықта қабылдау, келген адамға ішек-қарын беру); *қайғы амалдары* (жылау, көрісіп жылау); *ант, серт амалдары*; *тұрмыс амалдары* (шашу, кесені төңкеріп қою, дастархан қайыру); *салт-дәстүр амалдары* (ерулік, із келсе шығарып салу); *таңғалу амалдары* (бетім-ай); *өтініш амалдары* (кіндік шешенің құттықтауы); *өзгешелік амалдары* [9, 110-115].

Коммуникацияда тілмен қатар қолданылады деп айтқанымызбен параамалдардың тілге қатысы әрі оған тәуелділігі әртүрлі деңгейде. Бұл жағынан тіл және коммуникация мазмұнын бөлек алып қарастырған абзал. Себебі тіл ауыздан шыққан жүйелі сөздер тізбегі болса, коммуникация мазмұны тілдесім кезеңіндегі кеңістік, уақыт, субъект, объект секілді компоненттерді толық қамтиды. Г.Камашева осындай ерекшелігіне қарай тілдесімнің көмекші құралдарын тілсіз өмір сүре алмайтын бейвербалды амалдар, пікір айтумен қоса жүріп, онсыз мағынасы болмайтын бейвербалды амалдар және тілден тыс қолданылса да өз мағынасын сақтайтын элементтер деп бөліп қарайды [10, 43]. Сондай-ақ зерттеуші қарым-қатынасқа қатысушылар тарапынан білдіретін семиотикалық бірліктерді вокалды-акустикалық сигналдар және дене-визуалдық белгілер деп жіктей келе, екінші топқа әңгімеге қатысушылардың табиғи сипатын (морфотипін, физиологиясын, бойын т.б.) бейнелейтін сыртқы кейпі (имиджі), кейін пайда болған сипатын (әжім, тырнақ, күнге тотығу т.б.), «қосалқы» сипаттарын (киімі, әшекейлері, боянуы, қымбат бағалы заттары т.б.) жатқызады [10, 51]. Бұл белгілер семиотикалық белгілер саналатындықтан, коммуникацияға тікелей қатысып, сөзбен тең дәрежеде қолданылатын немесе сөйлесім мазмұнын толықтыра түсетін бейвербалды компонент санатына жатқызуға келмейді. Себебі мұндай сыртқы сипаттар – коммуникация орын алып жатқан сәтте емес (динамикалы түрде емес), одан көп бұрын пайда болған статикалық сипаттамалар.

«Абай жолы» романының басты ерекшелігі кейіпкерлер диалогы кездесетін тұста автор бейвербалды амалдарды барынша мол пайдаланады. Соның негізінде оқырманға ерекше әсер етіп, сөз (бейвербалды компоненттер) арқылы шығарманың көңіл-күйін қалыптастырады. Шығармадағы бейвербалды амалдарды паралингвистикадағы дәстүрлі жүйе бойынша былай классификациялауға болады:

- *просодикалық бейвербалды амалдар* кейіпкердің дауыс тоны арқылы қосымша ақпарат береді. Просодикалық компоненттер сөйлеушінің сөйлегендегі дауысы, түрлі эмоция кезіндегі, күлу, жылау, ашулану т.б. үнінің құбылуын сипаттайды: *Өмірлі бұйрықпен Дәрменге қолын да созды. Абай мен Ербол қатты қарқылдап күлісіп, араға түсті* [11, 81].

- *проксемикалық бейвербалды амалдар* – коммуникативтік акті кезіндегі кейіпкерлердің орналасқан орны арқылы білдіретін прагматикалық ақпарат: Абайдан басқаның бәрі оған даурыға сәлем беріп, *дәл төрден орын босатысты*. Әйгерім үлкен қайнаға келгенін көріп, сыпайы сызылып, *орнынан тік тұрып қабыл алды* [11, 28].

- *такесикалық бейвербалды амалдар* – кейіпкерлердің бір-біріне жанасуы арқылы көрініс табатын коммуникацияның қосымша құралы. Жанасу – қазақ мәдениетінде түрлі жағдаяттарда қолданылады. Атап айтсақ, амандасу, қоштасу, жақсы көретінін білдіру, жазалау, күтім жасау т.б. Қазақ халқының төс қағыстыру, шаш сипату, қол ұстату, беташар, тұсау кесу, етік тартар сынды дәстүрлерінің басым бөлігі такесикалық бейвербалды амалдарға негізделген: Кішкене бөбектерден әлі көзін ала алмаған Абай балалардың *бастарынан сипап*, аттарын сұрады. Үлкені – Асан, кішісі Үсен екен. Аттарын өздері ақырын ғана шала сыбырлап, тымауратқан үнмен айтып берді [11, 78].

- *кинесикалық бейвербалды амалдар* – такесикалық амалдарға қарама-қарсы субъектінің өзі ешкіммен жанаспай орындайтын, жеке ым-ишаралары, қимыл-қозғалыстары мен мимикалары: Көпке түсініксіз түрде бірталай үнсіз тұрып қалған Абай бір кезде *денесін бұрмай, оң қолын ғана көтеріп, артына қарай қайырды да, жігіттерге белгі етті* [11, 8].

Ым тілінің қызметі жағынан басқа семиотикалық таңбалардан елеулі ерекшеліктері бар. Ым тілі ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мұра ретінде беріліп отыратын табиғи құбылыс. Ым-ишара тілдері – кинетикалық негізі бар (дене қимылы, мимика) коммуникативтік жүйелер, яғни кинетикалық тілдер [10, 99]. Шығармадан бейвербалды амалдардың лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай мынандай топтары анықталды:

- **сілтеу, нұсқау мағынасындағы бейвербалды амалдар:**

1) *Ұлжан басында ол сұрауын елеусіз қалдырып, артынан тағы бір айналғанда:*

- *Е, жүр-дағы жынды неме. Бүгін осында маза бермеген соң әжең екеуіміз қуып шыққамыз, - деп әжесіне нұсқады [6, 11].*

2) - *Жан ашырдың жоқ болғаны ғой! - деп, бағанағы көпшілік тағы қозданайын деп еді, Құнанбай Сүйіндікке қадалып тұрып, қамшысын жаңағы сөйлегендер жаққа нұсқап:*

- *Тоқтат, аналарыңды! - деп, ақырып қалды [6, 67].*

3) *Құнанбай жұрттың күбірі көбейіп бара жатқанын енді сезді. Өлтіргеннен де қинау бататын тәрізді. Ол қолымен қатты ишарат қып, түйені шөгер деп бұйырды [6, 36].*

Романда автор сілтеу, нұсқау мағынасындағы бейвербалды амалдарды «нұсқады», «қолымен қатты ишарт қып», «қамшысымен нұсқап» деген сынды қолданыстармен вербалдайды. Қазақ халқында қандайда бір дүниеге қолмен немесе саусақпен нұсқау дәрежі саналатындықтан, шығарма мәтінінде көбінесе баспен, қамшымен нұсқау амалдары жиі кездеседі.

- **фонациялы бейвербалды амалдар** – дауыс тоны арқылы кейіпкер туралы қосымша ақпарат беретін амалдар:

Жиын ортасында, жалғыз көзі бұған оқтай қадалып тұрған Құнанбайды танып, соған қарап түйіліп, қатты ақырып:

- *Уэй, Құнанбай, мені құдайдың жылатқаны аз ба еді? Бұ не қырсығың?.. - дей бергенде Майбасар бастаған әулекі жуандар:*

- *Тарт тіліңді!*

- *Қысқарт!*

- *Жап аузыңды! -деп арс-арс етті [6, 35].*

Кейіпкер эмоциясын көрсетудің негізгі тәсілдерінің бірі – фонациялық бейвербалды амалдарды қолдану. Автор кейіпкер дауысындағы өзгерістер, дауыс қаттылығы, қарқыны, кідірісі арқылы көңіл-күйін, екінші бір кейіпкермен қарым-қатынасын, мінез-құлқын танытады. Мысалы романда «сәл кідіріп» деп пауза, яғни кідіріс, «сыбырмен, «күбірлеп», «күңк етіп» деп дауыстың бәсеңдігі, «ақырып», «зекіп», «арс етіп», «ұрсып», «қатты әмір етіп» деген тіркестер арқылы керісінше дауыстың жоғарылығы сипатталады.

- **символдық мәндегі бейвербалды амалдар** – халықтың қатысым мәдениетінде жиі көрініс табу арқылы символға айналған әртүрлі ақпаратты жеткізетін бейвербалды қолданыстар:

1) *Зере Жиреншеге де, үлкендерге де қатты ұрсып, жерге түкірген [6, 57].*

2) *Не көрмеген басым! Телі-тентегің «бір сойқанды бастауға дәл осы дәмнің үстінде бекінді» деп біл, Дәке!—деді де, Базаралы дастарқаннан бір түйір ірімшікті алып, ант ырымен жасағандай болып, аузына салды [11, 72].*

Берілген мысалдардағы «жерге түкіру» ишараты кейіпкердің қатты ашуланғанын, үміті ақталмағанын және екінші бір кейіпкердің ұятқа қалдыруына немесе орынсыз қылық көрсетуіне қатысты ішкі қарсылығын, «ірімшікті аузына салуы» ант-су ішкенін білдіреді. Символдық мәндегі бейвербалды амалдар көбінесе белгілі бір мәдениет шеңберінен шықпайтын, сол халықтың коммуникациясына ғана тән, әмбебап емес, ұлттық мәндегі компонентер болып табылады.

- **әлеуметтік бейвербалды амалдар** – шығармада кейіпкердің қоғамдағы орнын, әлеуметтік мәртебесін көрсетіп қазақ халқына тән қоғамдық иерархиялық жүйені сипаттайтын бейвербалды амалдар. Сондай-ақ коммуниканттардың бір-біріне деген құрметін немесе құрметтемейтінін білдіретін кездері де болады:

1) - *Іс тығыз, бұйрық тығыз... асығып жүрміз! - деп, Қамысбай төрге шықты. Жұмағұл от басына бір тізелеп отырып қалды [6, 75].*

2) Мәкіш бұны қонақ тұтып сыйлап, **қолына су құйып тұрғанда:**

– Мәкіш, суың жайлы тиіп барады, сергіп алайын. Басыма да құйып жібер! – деп, бас-мойнын түгел жуып алды [12, 4].

Қазақ халқында үй ішіндегі кеңістік қалыптасқан иерархиялық жүйе бойынша жеке атаумен аталады. Мысалы, *босаға, есік жақ, от басына* мәртебесі жағынан төменірек топтар орналасса, *төр, төрдің оң жағы, қақ төр* деген секілді орындар керісінше құрметті, сыйлы адамдарға арналады. Бұл бөлініс романда өте жиі кездеседі. Мысалы Қамысбайдың төрге шығуы, ал Жұмағұлдың от басына тоқтауы екі кейіпкер арасындағы әлеуметтік мәртебені анықтап тұр. Екінші сөйлемде көрсетілгендей адамдардың бір-біріне деген құрметін танытудың бір жолы – қызмет етіп, күтім жасау. Атап айтқанда, *қолына су қою, шайды өз қолымен ұсыну, төрден орын беру, шапан жабу, атын байлау* секілді амалдар арқылы коммуниканттардың құрмет-қошеметі көрсетіледі.

- **эмотивті немесе мимикалы-ишаратты бейвербалды амалдар** – кейіпкердің жүзіндегі өзгерістері немесе қимылдары арқылы көңіл-күйін білдіретін құралдар:

1) *-Абай сен де жүр!.. Атаң зой, атаңа сәлем бер, - деп мысқыл еткендей сылқ-сылқ күлді* [6, 98].

2) *Қамысбай тепсініп кеп:*

- Неміз болушы еді? Сендерді ұлық шақыртып жатыр. Мына Қарашоқыда елдің игі жақсысы жиналып отыр, тосып отыр! – деді [6, 31].

Кейіпкер эмоциясын білдіру үшін автор көбінесе кейіпкердің түрлі мимикаларын сипаттайды. Мысалы *тыжырыну – менсінбеу, қабағын түю – ашулану, езу тарту – қуану, ернін сылп еткізу – жақтыртпау* т.б. Сондай-ақ мысалда көрсетілгендей «тепсіну» секілді коммуниканттың ішкі күйінен хабар беретін қимыл-әрекеттер эмоцияны бейнелейтін маңызды элементке жатады.

- **ақпараттық бейвербалды амалдар** – кейіпкердің сөз орнына немесе сөз арқылы берген ақпаратын толықтыра түсу мақсатында қолданатын тілдесімнің көмекші құралдары:

1) *Құнанбай шешесіне қарап, үндемей бас изеді* [6, 85].

2) *Ербол төреші болғандықтан, енді жұрттың бәрі жаттап алған төрттікті өзі тағы бір айтып, аз ойланyp, бас шайқады* [11, 5].

Шығарма мәтінінде ақпараттық бейвербалды амалдар белсенді қолданылады. Себебі М.Әуезов романда қазақ халқының мінез-құлқын, әңгімелесу әдебін дәл жеткізуге тырысқан. Ал қазақтың дәстүрлі қатысым мәдениетінде көпсөзділіктен гөрі ыммен, ишарамен ұғындыру кең тараған. Мысалы келісетіндігін білдіру үшін ауызбен айтпай-ақ, «бас изеу», «бас шұлғу» ишараттары орындалады.

Паратілдің келесі бір ерекшелігі – сөйлеу актісіндегі «сөз» секілді жағымды және жағымсыз коннотацияға ие бола алуы. М.Әуезов кейіпкерлердің ым-ишараларын вербалдау барысында міндетті түрде аталған ым-ишараттардың позитивті және негативті коннотациясын сөзбен бейнелеп, оқырманның назарын аудартып отырады. Мысалы, «*Жауаптан іркіліп отырған Тойсарының жүзіне Жұмақан қырын қарап, суық көз тастады да:*

– Тыным тапқан ел көргем жоқ, шығын тапқан ел болмаса!» [12, 226] деген мәнмәтінде «қарау» кинемасын толықтырып тұрған «қырын» компоненті, «көз тастау» фразеологизмін анықтап тұрған «суық» деген алдында тұрған сөз көзқарас арқылы коммуниканттың екінші бір субъектіні жақтыртпайтынын білдіріп тұр. Керісінше «*Лосовский бұл сөзге күлді де, Көкбайдың жүзіне кешіріммен, жылы қарады*» [12, 233] деген сөйлемнен *қарау* кинемасының позитивті мәнде қолданылғанын көруге болады, мәнмәтінде ол «кешіріммен», «жылы» деген жағымды мәндегі сөздер арқылы нақтыланған.

«Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдар кинесикалық, просодикалық, проксемикалық, такесикалық топтарға ажыратыла келіп, этностың салт-санасын, әдет-ғұрпын, ой-танымын бейнелейді. Олар көркем шығарма тілінде, адами қарым-қатынаста айтайын деген ойды жан-жақты, терең жеткізуге ықпал етеді. Шығармадағы бейвербалды амалдарды ішкі семантикаларына, қызметіне, автор интенциясына қарай іштей тағы

да микротоптарға жіктей беруге келеді. Сондай-ақ бір кинеманың өзін эмоциялық, мағыналық реңктеріне қарай жеке зерттеу нысанына алуға болады. Атап айтсақ, роман-эпопеяда «қарау» кинемасының қырық бес түрлі мағыналық реңкі қолданылған. Сол секілді «үнсіздік», «қозғалыссыздық» сынды әрекетсіздік арқылы көрінетін параэлементтер де мәнмәтінде түрліше құбылып, тілдесімнің көмекші құралына айналады. Осындай тілдік фактілер бейвербалды амалдарды көркем мәтін кеңістігінде зерттеудің өзектілігін айқындай түседі.

Қорытынды

Автор прагматикасына қол жеткізу үшін сұрыптап, екшеп пайдаланатын тілдік тәсілдің бірі – бейвербалды амалдар. Ишарат өмірде адамның психикасын, ал көркем мәтінде кейіпкер образын шынайы түрде сипаттай алады. Көркем мәтіннің семантикалық ұйымдасуына бейвербалды амалдар тікелей әсер етеді. Бір тақырыпқа қатысты бейвербалды амалдар номинациялық тізбек құрайды. Мысалы, қайындату, көрімдік, шашу, қол ұстату, шаш сипату, етік тартар – барлығы қазақ халқының үйлену рәсіміне қатысты амалдарды білдіріп тұр. Номинациялық тізбектер мәтінді семантикалық жағынан ұйымдастырады. Бейвербалды амалдар арқылы автор шығармада халықтың ұлттық дүниетанымын, кейіпкер образын, ұлттық психологияны, коммуникативтік мінез-құлықты, әдет-ғұрыптар мен тұрмыс-салт ерекшеліктерін бейнелейді. Зерттеу барысында «Абай жолы» романындағы бейвербалды амалдардың лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай сілтеу, нұсқау мағынасындағы, фонациялы, әлеуметтік, символдық мәндегі, ақпараттық, мимикалы-ишаратты бейвербалды амалдар сынды алты тобы анықталды. Әр лексика-семантикалық топ қазақ халқының қатысым мәдениетінің ерекшелігін танытуымен және автордың оны тілде репрезентациялау шеберлігімен шығарманың тілдік-мәдени құндылығын арттыруға қызмет етіп тұр.

Бейвербалды амалдар қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды, күнделікті тұрмыстан бастап, кәсіби сипаттағы тілдік емес элементтер кездеседі. Уақыт ағынына қарай әр халықтың танымына, тұрмыс-тіршілігіне, әдебіне, салт-дәстүріне, яғни мәдениетіне негізделген бейвербалды элементтер өзгеріске түсіп отырады. Сол себепті қазақ халқына ғана тән, тілде кодталған бейвербалды құралдарды қазақ коммуникация мәдениетінің маңызды бөлшегі ретінде зерттеу әрдайым өзекті бола бермек.

Авторлардың қосқан үлесі. Имангазина Меруерт – мақала тақырыбы бойынша зерттеу жүргізу, мақаланың құрылымын әзірлеу, техникалық талаптар бойынша рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Наука, 1981. – 140 с.
2. Қаратаев М. Қазақтың тұңғыш эпопеясы // Мұхтар Әуезов тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 152 б.
3. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2003. – 136 б.
4. Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем мәтінінің прагматикалық әлеуеті: фил.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2007. – 165 б.
5. Толстой А. О литературе. – Москва, 1956. – 433 с.
6. Әуезов М. Абай жолы. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 377 б.
7. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М.: Русский язык, 1973. – 233 с.
8. Колшанский Г.В. Паралингвистика. – Москва, 1974. – 367 с.
9. Муқанов М.М. Этнопсихологическая специфика невербальных коммуникативных знаков // Психология. Интеллект и речи. Выпуск 2. – Алматы: Каз.пед.ин-т.Абая, 1972. – С. 109-117.

10. Камешева Г.Қ. Қазақ тілдесімінің көмекші құралдары: фил.ғыл.канд.дисс. – Астана, 2007. – 172 б.
11. Нұрдәулетова, Б. Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. - №123(2). – Б. 116–122.
12. Әуезов М. Абай жолы. III том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 384 б.
13. Әуезов М. Абай жолы. II том. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 416 б.
14. Sobchuk O. Cultural Evolution in the Digital Age By Alberto Acerbi // Journal of Communication. – 2021. – Volume 71. – Issue 6. – P. 35–37.

М.А. Имангазина

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Тематические группы невербальных средств в романе-эпопее «Путь Абая»

Аннотация. Особое место в казахском языкознании занимает изучение языка художественного произведения в коммуникативном, когнитивном плане, наряду со стилистическим. С этой точки зрения изучение коммуникативной природы языка писателя неразрывно связано с проблемой языкового общения. Одним из языковых приемов, активно используемых в авторском нарративе в тексте произведения, оживляющих портрет героя и делающих коммуникативный акт привлекательным для читателя, являются невербальные средства.

В статье рассмотрена лексико-семантическая классификация невербальных средств в романе-эпопее «Путь Абая». Цель исследования – через художественный текст выявить национальную специфику вспомогательных средств общения, характерных для казахского народа, определить функции невербальных компонентов для сюжета романа-эпопеи. При сборе невербальных средств из романа-эпопеи применялись способы систематизации, сортировки, а также способы типизации, синтеза в классификации на смысловые группы. При определении функции невербальных компонентов в контексте использовались также методы контекстного анализа, прагматилистического анализа.

В статье дается обзор предыдущих исследований в области паралингвистики, объясняются преимущества рассмотрения параэлементов в языке художественного произведения. Актуальность исследования проявляется в рассмотрении невербальных компонентов в романе «Путь Абая» М. Ауэзова в коммуникативном акте, впервые взяв их в качестве предмета исследования. В результате исследования выявлены шесть различных лексико-семантических групп невербальных приемов, семантически организующих произведение, представляющих казахскую культуру коммуникации. Результаты исследования статьи станут новейшей и полезной информацией для соискателей направлений паралингвистики, коммуникативной лингвистики и лингвокогнитологии.

Ключевые слова: невербальные средства, лексико-семантика, «Путь Абая», коммуникация, художественный текст, паралингвистика.

М.А. Imangazina

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Thematic groups of non-verbal means in the epic novel «The Path of Abai»

Abstract. A distinctive position is held by the study of the language used in a work of fiction in terms of its communicative and cognitive aspects, along with stylistic features. From this point of view, the study of the communicative nature of the writer's language is inextricably linked to the problem of language communication. One of the linguistic techniques actively used in the author's narrative in the text is non-verbal means, which serve to animating the portrait of the hero and making the communicative act attractive to the reader.

The article considers the lexical and semantic classification of non-verbal means in the epic novel "The Path of Abai". The purpose of the study is to identify through an artistic text the national specifics of the

auxiliary means of communication characteristic of the Kazakh people, to determine the functions of non-verbal components for the plot of the epic novel. When collecting non-verbal means from the epic novel, methods of systematization, sorting, as well as methods of typing, synthesis in classification into semantic groups were used. In determining the function of nonverbal components in context, methods of contextual analysis and pragmatic stylistic analysis were also used.

The article provides an overview of previous research in the field of paralinguistics and explains the advantages of considering nonverbal components in the language of a work of art. The relevance of the research is manifested in the consideration of non-verbal components in the novel "The Way of Abai" by M. Auezov in a communicative act, for the first time taking them into the subject of research. As a result of the study, six different lexical and semantic groups of non-verbal techniques semantically organizing the work representing the Kazakh culture of communication were identified. The findings of the article's research will serve as a valuable resource for those engaged in the study of paralinguistics, communicative linguistics and linguocognitology.

Keywords: non-verbal means, lexico-semantics, "The Way of Abai", communication, literary text, paralinguistics.

References

1. Gal'perin I.R. *Tekst kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovanija* [Text as an object of linguistic research]. (Moscow, Nauka, 1981, 140 p.). [in Russian]
2. Қаратаев М. *Қазақтың тұңғыш жерокежасы* [The first Kazakh epic], Мұхтар Әуезов тартылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер [The lessons of Mukhtar Auezov: literary and critical articles and research]. (Almaty, Zhazushy, 1987, 152 p.). [in Kazakh]
3. Момынова В., Бејсембаева С. *Қазақ тiлiндегi yм мен iшараттың қазақша-орысша тyсiндiрме сөздiгi* [Kazakh-Russian Explanatory Dictionary of gestures in the Kazakh language.]. (Almaty, 2003, 136 p.). [in Kazakh]
4. Әзімжанова Г.М. *Қазақ көркем мәтiнiнiң прагматикалық әлеуетi* [Pragmatic potential of the Kazakh literary text]. Dissertation of the Candidate of Philological Sciences (Almaty, 2007, 165 p.). [in Kazakh]
5. Tolstoj A. *O literature* [About literature]. (Moscow, 1956, 433 p.). [in Russian]
6. Әуезов М. *Абай жолы. I том.* [The path of Abai. Volume I.]. (Almaty, Zhazushy, 1989, 377 p.). [in Kazakh]
7. Vereshhagin E.M., Kostomarov V.G. *Jazyk i kul'tura: Lingvostranovedenie v prepodavanii russkogo jazyka kak inostrannogo* [Language and Culture: Linguistic and Cultural Studies in teaching Russian as a foreign language]. (Moscow, Russkij jazyk, 1973, 233 p.). [in Russian]
8. Kolshanskij G.V. *Paralingvistika* [Paralinguistics]. (Moscow, 1974, 367 p.). [in Russian]
9. Муканов М.М. *Жетнopsихологическая специфика невербальных коммуникативных знаков* [Ethnopsychological specificity of non-verbal communicative signs], *Psihologija. Intelлект i rechi. Vypusk 2.* [Psychology. Intelligence and speech. Issue 2.]. (Almaty, Kaz.ped.in-t.Abaja, 1972, P. 109-117). [in Russian]
10. Kamesheva G.Қ. *Қазақ тiлдеcимiнiң көмекшi құралдары* [Auxiliary tools of the Kazakh language]. Dissertation of the Candidate of Philological Sciences (Astana, 2007, 172 p.). [in Kazakh]
11. Nurdauletova Б. *Zhyraular poieziiasy matininin kommunikativtik ereksheligi* [Communicative Peculiarities of the Bard Texts], *L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyk universitetinin Habarshysy. Filologia seriasy* [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series]. (123(2), P. 116–122). [in Kazakh]
12. Әуезов М. *Абай жолы. III том.* [The path of Abai. Volume I.]. (Almaty, Zhazushy, 1989, 384 p.). [in Kazakh]
13. Әуезов М. *Абай жолы. II том.* [The path of Abai. Volume I.]. (Almaty, Zhazushy, 1989, 416 p.). [in Kazakh]
14. Sobchuk O. *Cultural Evolution in the Digital Age* By Alberto Acerbi // *Journal of Communication.* – 2021. – Volume 71. – Issue 6. – P. 35–37.

Сведения об авторах:

Имангазина М.А. – жауапты автор, филология магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс докторанты, әл-Фараби көшесі, 71, 050040, Алматы, Қазақстан

Имангазина М.А. – автор для корреспонденции, магистр филологических наук, докторант 3-курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, ул. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Imangazina M.A. – corresponding author, Master of Philology, 3rd year doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., 050040, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).